



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өзерістердің бағасын қарастыру

5Дизайн , имидж өзгерту :ол қарапайым меню ауысуынан қызметкерлердің киіміне дейін түртіліп өтуі қажет .Мейрамхана архитектурасымен логотипіне де өзгерістер еңгізілуіне болады .

6 Ерекшелік ойлап табу .Бұл әрине сіздің мейрамхана бизнесіңізде басты құрал болып табылмақ .Сіз осы ерекшелікті басты назарға алып , бүкіл өзгерістердің ортасына қоясыз .Бұл мейрамхана орналасу орны болуы мүмкін , бас-аспаздың өзі болуы мүмкін , менюдің қайталанбас ерекшелігі болуы мүмкін.Тек бұл зат нарықтағы қарсыластардан басым әрі ерекше болуы тиіс

7Маркетинг .Сіз өзгерістермен ерекшелікті барынша жарнамалауыңыз тиіс , жарнаманың өзге өндірушілерді құлата отырып , өз өнімін салыстыра отыратын түрін қолдану керек . Жарнама мәселесінде жаңа инновациялық бизнесті қолдану жақсырақ болады .

Бұл әрекеттер бізге қандай нәтиже береді , біз ребрендингті өз уақытында жүргізу арқылы , нарықта алға қарай жылжуды байқаймыз .Қазақстан Республикасында сервис , брендтік бейне жағынан әлемдік нарықта бәсекелестікке түсе алатын жаңа заман қарқынына сай мейрамхана желілері пайда болады .Бұл әрине ел туризмінің дамуына өз септігін тигізеді. Себебі экономика кез келген сала секілді сәнге қарайды , әсіресе туризм сынды маркетинг рөл ойнайтын маңызды сферасында

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

- 1.Википедия
- 2 .Kfk изменить свой имидж, сохранив репутацию, Кларк Дори
3. vbizsoft.kg
- 4.Жукова М.А. Менеджмент в туристском бизнесе.
5. md-promotion.ru

ӘОЖ 338.48

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ТАСЕЛЕЛЕРІ

Күтқожина А.С

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Турысбекова Г.К

Облыстың әкімшілік орталығы Ақтөбе қаласы. Территория ауданы 300,6 мың км2. Халқы: 719,5мың адам (2010 ж., 1 қаңтар). Ақтөбе – Елек өзеннің бойында орналасқан, Еуропалық Қазақстанның ең шығыс қаласы. Ақтөбе облысы 1932 жылдың 10 наурызында құрылған. Елімізде жер аумағы бойынша екінші орында тұр. 1945 жылы облыс құрамына Байғанин, Джура, Ырғыз, Қарабұтақ, Ключев, Мартөк, Новороссийск, Родников, Степной, Темір, Ойыл, Қобда және Шалқар аудандары кірді. Қазіргі таңда облыста 12 аудан, 141ауылдық округ, 8 қала мен 410 ауыл орналасқан.

Ақтөбе облысы Орал таулары және Мұғалжар таулары шекаралары болып табылатын Еуропа және Азия аралықтарында орналасқан. Облыс батысында Каспий маңы ойпатында, оңтүстігінде Үстірт үстіртінде, оңтүстік шығысында Тұран жазығында және орталығында Мұғалжар тауларында орналасқан. Облыстың басым бөлігі жазық (биіктігі 100-200 м). Ең биік нүктесі Мұғалжар тауларында орналасқан Үлкен Бақтыбай шыңы (теңіз деңгейінен 657 м). Ақтөбе облысының көлік жүйесінің негізін ішкі және халықаралық тасымалды қамтамасыз ететін темір жол көлігі құрайды. Темір жол көлігі жүк тасымалының 91% және жолаушы тасымалының 94% құрайды.

Темір жолдың жалпы ұзындығы 1 050,6 шақырым, олардың 630 шақырымы қос жолды

болып табылады. Темір жолдың тығыздығы 3,8 мың шаршы шақырым. Авто көлік жолдарының ұзындығы 5 977,7 шақырым. Республикалық маңызы бар темір жолдың ұзындығы 1 872 шақырым, оның ішінде 684 шақырым Самара-Шымкент тас жолы болып табылады.

Жергілікті пайдалану жолдарының ұзындығы 4 105,7 шақырым, облыстық пайдалану 947,5 шақырым, аудандық пайдалану 3 158,2 шақырым, 163 көпір және 1855 су өткізу құбыры орналасқан.

Әуе көлігі саласында «Евро-Азия Эйр» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуе компаниясы» АҚ, «Казэронавигация» РГП, «Эйр-Астана» АҚ, «Рус-Лайн», «СКАТ», және «Аэро» ЖШС әуе кәсіпкерліктері қызмет көрсетеді.

Батыс Қазақстанда сирек кездесетін мәдени ескерткіштердің бірі *Абат Байтақ*. Ол Қобда ауданының Бескопа ауылының шығысында он екі шақырымда орналасқан. Қобда Елек ескерткіштер топтары арасында Абат Байтақ некрополи уникалды болып табылады. Мұнда құлпытастар кешені сақталған. Бұл кешен Батыс Қазақстан үшін ерекше ескерткіш. Абат Байтақ (XIV-XV ғасырлар) мазары Қобда бассейнінің территориясында тұрғызылды. Кезінде мазар бұл мазар алтынмен жалатылып көгілдір асыл тастармен безендірілген. Қазіргі таңда мазар кірпіштері астынан көк әшекей көрініп тұр. Мазар бірнеше жылдар бойы салынды. XVIII – IX ғасырларда мазар қасында оюлы құлпытастар орналасқан ірі некрополь салынды.

Ескерткішті XIX ғасырда француз саяхатшысы Жозеф Кастанье ашты, XX ғасырдың 50-70 жылдарында М.Меңдіқұлов ескерткіштің XIII ғасырға жатқызатынын атап өтті. Ескерткіш Асан қайғының ұлы Абаттың құрметіне салынған. Жүргізілген қазба жұмыстары кезінде үш адамның мәйіті табылды. Мұндай құрылыстар хан мен төрелердің құрметіне салынған. Абат-Байтақ мазарының қасында Қыз әулие атты шағын мазар орналасқан.

Абат-Байтақ мазарының биіктігі – 14,5 метр. Зерттеушілердің айтуынша мазар биіктігі 16 метр болған. 2007 жылы мазар қайта қалпына келтірілді.

Қобыланды батыр – қазақ халқының қаһарманы. Қазіргі таңда Қобыланды батыр есімімен байланысты Жалғыз оба, Қособа, Бесоба деген тарихи орындар белгілі. Бұл орындар Қобда ауданының Жиренқопа ауылының маңында орналасқан. Бұл жерлерде Қобыланды батыр қазақ жерін қорғап жауларымен соғысқан. Қобыланды батыр мазары Қобда өзенінің сол жағасында орналасқан. Жерлеу орнында 2007 жылы мазар тұрғызылды. Мазар биіктігі – 17,5 метр, ені – 12. Формасы бойынша мазар дулыға, қалқан тәріздес. Мазар қасында Қобыланды батыр өз қылышын қайраған тас орналасқан. Қылыш ені 60 метрге жеткен, қылыш мазарда сақталған.

Ақтөбе облыстық *тарихи-өлкетану мұражайы бар*, мұражайдың негізін 1929 жылы жергілікті өлкетанушылары қалады. Тұңғыш директоры – Д.Темушко. Мұражайдың ауданын 1550 шаршы метр (8 залы) бар 90 мыңнан астам облыстың қалыптасуы мен дамуының тарихына қатысты үнсіз күәгер экспонаттар орналасқан.

Артефактар арасында «Бесоба», «Сынтас», «Нагорный» қорғандарынан табылған алтын әшекейлер, ғұн көшбасшысының обасынан табылған заттар (Талдық өзені бойындағы Жилинка ауылы маңында табылды) алады. Сонымен қатар мұражай қорында Елек өзенінің аңғарынан табылған индрикотерий деп аталған ежелгі ірі сүтқоректілердің сүйектері, ежелгі бұғының қалдықтары мен мамонт сүйектері бар.

Өткен жылмен салыстырғанда сауда айналымы 1,6 млрд Ақш долларына жетті. Бұл – Кеден одағының оң нәтижесі. Әсіресе, шекаралас облыстармен мәдени байланыстар нығая түскен, деп хабарлайды [1].

Ақтөбедегі «Славян» этномәдени бірлестігіне қазір 3 мыңнан астам адам мүше. Балалардың үш би ұжымы және ұлттық хор жұмыс жасайды. Достық үйінде өңірдегі 14 бірлестіктің тарихи мұрасына арналған мұражай жасақталған. Соңғы жылдары өнер ұжымдары Ресейдің Орынбор, Самара облыстарындағы халықаралық дәрежедегі байқауларға қатысып жүр. «Биыл Санкт-Петербурда казактардың дүниежүзілік құрылтайы өтеді. Онда Қазақстан мен

Ресей арасындағы мәдени, саяси және экономикалық байланыстар қаралма», - дейді «Славян» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Владимир Гуменный. Ақтөбеде жыл басынан бері бірлескен 257 кәсіпорын ашылды. Ресей нарығына Ақтөбеден хром қосындылары, мыс пен мырыш концентраттары, алтын қоспасы кені, рентген қондырғылары шығарылады. Ал, біз Ресейден көлік құралдары мен азық-түлік аламыз. Кеден одағы ашылғалы байланыс аясы кеңейеді. Мәселен, Ақтөбеде шығатын құрылыс материалдарына сұраныс артты. Жыл сайын екі ел арасындағы тауарөндірушілерге арналған «Еуропа-Азия. Шекарасыз ынтымақтастық» көрмесі өтіп тұрады.

«Біздің Ресеймен арадағы экономикалық ынтымақтастығымыз аса қарқынды. Өйткені, шаруашылық нысандары арасында, әсіресе, шекаралас өңірлерде тығыз байланыс орнықты», - деп атап өтті Ақтөбе облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастығы Марат Балмұханов.

Ақтөбе облысының төрт ауданы ресеймен шектеседі. Шекара маңындағы елдімекен тұрғындары екі ел арасындағы келісімге сай енді бір-бірлеріне жеңілдетілген өткізу бекеттері арқылы қатынайды. Бұрынғыдай кезек жоқ. Ал, Ресейге іргелес Үшқатты ауылы тұрғындарының әлеуметтік жағдайын бірлесіп жақсартуға ден қойылған. «Үшқатты ауылында бүгінгі күні 100-ге жуық үй бар. Жалпы, сол ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешу бойынша біз Орынбор облысымен бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз», - дейді Ақтөбе облысының әкімі Архимед Мұхамбетов [2].

Қазірде Ресейлік инвесторлар Ақтөбенің Хромтау ауданына қарасты мыс кеніштерін игеруде. Өңірде шекаралас Орынбор облысымен қатар, Татарстанмен де сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық байланыстар нығаюда.

Батыс пен Шығысты жалғаған сауда магистралі — «Ұлы Жібек жолын» бес ғасыр өткен соң қайта жаңғыртуды ұсынған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы — «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі әлем жұртшылығының назарын аударды. Жалпы құны 825,1 миллиард теңге болатын қазақстандық жобаға Дүниежүзілік банк, Еуропа Қайта құру және Даму банкі, Ислам Даму банкі, Азия және Жапония Даму банкері инвестиция бөлді. Қазақстандағы бейбітшілік пен татулықты бағалаған шетелдік банкирлер мойнын бұрып, құрылысты қаржыландыруға ықыласты екендіктерін білдірді [3].

Халықаралық транзиттік дәліздің жалпы ұзындығы 8445 шақырымды құрайды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасынан — 2787, Ресей Федерациясынан — 2233, Қытай Халық Республикасынан 3425 шақырым жол өтеді. Дәліздің негізгі бағыттары мынадай: Санкт-Петербург-Мәскеу-Нижний Новгород-Қазан-Орынбор-Ақтөбе-Ырғыз-Арал-Қызылорда-Шымкент-Тараз-Қордай-Алматы-Қорғас-Үрімші-Ланьчжоу-Чженчжоу-Ляньюньган. Яғни Петербург мен Ляньюньган арасындағы бағыт негізінен Ұлы Жібек жолы маршрутына сәйкес келеді. Ол Қазақстан бойынша бес облыстың үстімен жүреді. Барлығы 2452 шақырым жол қайта жаңартуға жатады (Ақтөбе – 358, Қызылорда – 817, ОҚО – 458, Жамбыл – 480, Алматы – 339 шақырым). Осы бағыт бойында 4,6 миллиондай халық тұрады екен және бұл еліміздің халқының үштен бір бөлігі болып табылады.

Бұл жобаның артықшылықтары дәліздің болашағынан үлкен үміт күттіріп отыр. Дәліздің Транссібір автомобиль жолымен немесе Суэц каналы арқылы теңіз жолымен тасымалданған артықшылығы – төтелігі мен жолға кететін уақыттың қысқалығында. Теңіз жолын пайдаланғанда жолға 45 тәулік, ал Транссібір арқылы жүргенде 14 тәулік кетсе, “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” жолына кететін уақыт небәрі 10 тәулік болады. 4

Бұл жобаны жүзеге асырудың орташа жылдық экономикалық тиімділігін есептеген мамандар жолаушының жүретін жолы қысқаратынын, соған байланысты жол-көлік оқиғарының санын азайтуға ықпал ету мүмкіндігі туатынын айтып отыр.

“Батыс Еуропа – Батыс Қытай” дәлізінің құрылысы аяқталғаннан кейін елімізде туризм саласын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер берілетін болады. Дәліз “Көксай” тау шаңғысы базасы, “Ежелгі Түркістан”, “Ежелгі Отырар”, “Қасқасу” таулы шаңғы курорты, “Байқоңыр”, “Қорқыт Ата”, “Қамбаш”, “Ғарыштық аймақ”, Киіз үйлі отель, “GREENLAND” және “Ырғыз керуен сарайының ” туристік аймақтары арқылы өтеді. Туристік орталықтарға апаратын

бағыт қауіпсіздігі мен қолайлылығы қамтамасыз етілетін болады. Дәліздің құрылысы толық аяқталғаннан соң халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жол бойында қызмет көрсетудің 20-дан астам нысанын салу жоспарланып отыр. Олардың құрылысын қаржыландыру үшін жеке инвестициялар тартылмақ. Өйткені тұңғыш Президентіміз елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бәсекелестікті және қызмет көрсету тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтып, өңірлерге арнайы тапсырма берді [4].

Халықаралық транзиттік дәліздің жалпы ұзындығы 8445 шақырымды құрайды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасынан — 2787, Ресей Федерациясынан — 2233, Қытай Халық Республикасынан 3425 шақырым жол өтеді. Дәліздің негізгі бағыттары мынадай: Санкт-Петербург-Мәскеу-Нижний Новгород-Қазан-Орынбор-Ақтөбе-Ырғыз-Арал-Қызылорда-Шымкент-Тараз-Қордай-Алматы-Қорғас-Үрімші-Ланьчжоу-Чженчжоу-Ляньюньган. Яғни Петербург мен Ляньюньган арасындағы бағыт негізінен Ұлы Жібек жолы маршрутына сәйкес келеді. Ол Қазақстан бойынша бес облыстың үстімен жүреді. Барлығы 2452 шақырым жол қайта жаңартуға жатады (Ақтөбе – 358, Қызылорда – 817, ОҚО – 458, Жамбыл – 480, Алматы – 339 шақырым). Осы бағыт бойында 4,6 миллиондай халық тұрады екен және бұл еліміздің халқының үштен бір бөлігі болып табылады.

Бұл жобаның артықшылықтары дәліздің болашағынан үлкен үміт күттіріп отыр. Дәліздің Транссібір автомобиль жолымен немесе Суэц каналы арқылы теңіз жолымен тасымалдаудан артықшылығы – төтелігі мен жолға кететін уақыттың қысқалығында. Теңіз жолын пайдаланғанда жолға 45 тәулік, ал Транссібір арқылы жүргенде 14 тәулік кетсе, “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” жолына кететін уақыт небәрі 10 тәулік болады.

Бұл жобаны жүзеге асырудың орташа жылдық экономикалық тиімділігін есептеген мамандар жолаушының жүретін жолы қысқаратынын, соған байланысты жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға ықпал ету мүмкіндігі туатынын айтып отыр [5].

“Батыс Еуропа – Батыс Қытай” дәлізінің құрылысы аяқталғаннан кейін елімізде туризм саласын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер берілетін болады. Дәліз “Көксай” тау шаңғысы базасы, “Ежелгі Түркістан”, “Ежелгі Отырар”, “Қасқасу” таулы шаңғы курорты, “Байқоңыр”, “Қорқыт Ата”, “Қамбаш”, “Ғарыштық аймақ”, Киіз үйлі отель, “GREENLAND” және “Ырғыз керуен сарайының” туристік аймақтары арқылы өтеді. Туристік орталықтарға апаратын бағыт қауіпсіздігі мен қолайлылығы қамтамасыз етілетін болады.

Дәліздің құрылысы толық аяқталғаннан соң халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жол бойында қызмет көрсетудің 20-дан астам нысанын салу жоспарланып отыр. Олардың құрылысын қаржыландыру үшін жеке инвестициялар тартылмақ. Өйткені тұңғыш Президентіміз елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бәсекелестікті және қызмет көрсету тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтып, өңірлерге арнайы тапсырма берді.

Болашақта Ақтөбеде ГРИНлэнд, Тау секілді тағы көптеген туристік базалар ашылуда. Ақтөбе Ресей елімен жақсы қарым қатынаста болғандықтан біздің өлкемізде іскерлік туризм жақсы дамыған. Қобыланды батыр мен Абат байтақ кесенелері келген туристтерді таңғалдырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <http://visitkazakhstan.kz/>
2. <http://kk.wikipedia.org/>
3. Қазақстан Республикасының табиғаты туралы энциклопедия, V- том
4. <http://el.kz/>
5. Caspionet.kz.

УДК 348.38

ҚАЗЫҒҰРТ ТАУЫНДА СПЕЛЕОТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мәулен Мөлдір Ғалымқызы